

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ
«Қарасу негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

**Қарасу ауылы
Алашорда №2 үй**

22.04.2024ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Қарасу негізгі мектебі» КММ-нің кезектен тыс 2024 ж.01 сәуір күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2024 жылғы 01 сәуір күні № 9 н/қ бұйрығының негізінде 01-22 сәуір аралығында «Қарасу негізгі мектебі» КММ –нің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 жылы 01.04 № 9 н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	Амангалиева Лаззат Жумагалиевна	Мектеп директоры, комиссия төрайымы
2	Смайлова Іңкәр Серікқызы	Оқу ісі жөніндегі орынбасары, география пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Дуйсегалиева Азима Толеубаевна	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, технология пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Калиева Факизат Жанабаевна	Мектеп психологы, комиссия мүшесі
5	Сундетова Алтынгүл Жолдығалиевна	Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп , білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ-нің
«Қарасу негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
030906, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Қарасу ауылы, Алашорда көшесі үй №2,

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)

Телефон: 8(71332) 73-4-89

Электронды пошта: karasunmektebi@mail.kz; сайты karasu.uil-roo.edu.kz

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Амангалиева Лаззат Жумагалиевна, «Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ-нің 2021 жылғы 16 наурыз №146 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған.

ұялы телефоны: 87055376074,

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 08 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 18.02.1999 жыл, БСН-970540001928. **Құрылтайшысы:** «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ойыл ауданының әкімдігі 30 желтоқсан №490 2020жылғы қаулысымен бекітілген

Рұқсат етуші құжаттар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 28.05.2024 жылы №KZ 30RVK00057759 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 09.06.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ26LAA00031258 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

2.Кадрлық құрамға талдау

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;

2021-2022 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2021-2022 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 19 педагог (оның ішінде 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 үйірме жетекшісі) жұмыс атқарады. 19 педагог ішінде: санаты жоқ -4, екінші санатты-1, бірінші санатты-3, жоғары санатты-2, «педагог-модератор»-5, «педагог-сарапшы»-3, «педагог-зерттеуші»-1, Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 47 %.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **8**. бірінші санат-2, «педагог-зерттеуші» -1, жоғары санат -1, педагог модератор -3. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – **50 %**-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – **12**. Оның ішінде, «педагог»-**3**, жоғары санатты-1, бірінші санатты-2, «педагог-модератор»-4, «педагог-сарапшы»-2. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы –**41%**-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады. (**Ескерту:** бастауыш сыныпта және 5-9-сыныптарда музыка пәнінің мұғалімі, ағылшын пәні мұғалімі, көркем еңбек, дене шынықтыру пәндерінен сабақ беретін бір мұғалім болғандықтан, бастауыш сынып мұғалімдеріне де, 5-9-сынып аралығында сабақ беретін мұғалімдерге де қосылып жазылды.)

2022-2023 оқу жылы. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2022-2023 оқу жылындағы жағдай бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 9**

мұғалім. Оның ішінде - “педагог-зерттеуші” – 2 мұғалім, “педагог-модератор” – 4 мұғалім, 1-санатты - 2 мұғалім, педагог-1). Сапалық құрам – **44 %** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін - 20%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта,жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-9 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - 12. Оның ішінде – “педагог-сарапшы” – 2, “педагог-модератор” – 4 мұғалім, 1-санатты-3, педагог-3 мұғалім. Сапалық құрам – 41% құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша шағын жинақталған мектептер үшін – 25 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

«Қарасу негізгі мектебі» КММ-де педагогтер саны – 18, (оның ішінде 1 әлеуметтік педагог бар) оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер –**12**; қайта даярлау курсынан өткен педагогтер –**1 (Арынғазы Г)**;

2023-2024 оқу жылы.“Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға

сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен қамтылған. 2023-2024 оқу жылында тарих пәнінен 1 қажеттілік туындады. Орнына көршілес елді мекенінен тарих пәні мұғалімі М. Наубетов қанынап сабақ беру арқылы шешілді.Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2023-2024 оқу жылындағы жағдай бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 10 мұғалім.**(Ескерту: кейбір мұғалімдер бастауышқа да , 5-9-сыныптарға да сабақ беретіндіктен екі тізімге де қосылды) (Бұл тізімге психолог Ф.Калиева үйден оқитын оқушыға сабақ беретіндіктен қосылды) . Оның ішінде - “педагог-зерттеуші” – 1 мұғалім, педагог сарапшы -4– педагог модератор -3, педагог-2 мұғалім). Сапалық құрам – **50 %** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін - 20%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта,жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-9 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - 11. Оның ішінде – “педагог-сарапшы” – 4, “педагог-модератор” – 4 мұғалім, педагог-3 мұғалім. Сапалық құрам – 36% құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша шағын жинақталған мектептер үшін - 25 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

«Қарасу негізгі мектебі» КММ-де педагогтер саны – 18,(1 әлеуметтік педагогті қосқанда) оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер –**12** .

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;

2021-2022,2022-2023 оқу жылы.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. еңбек өтілі	ББҰ басшысының орынбасар	Санаты
Дуйсегалиева Азима Толеубаевна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	32	32	9	Үшінші санатты басшының орынбасары

Мектеп басшысы еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өткізілмеді, 2024 жылы аттестаттаудан өтеді. Оқу ісі орынбасары І.С,Смайлова 2023- 2024 оқу жылынан бастап жұмысқа кіріскендіктен,3 жыл толмауына байланысты аттестаттаудан өткізілмеді.

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған.

2021-2022 оқу жылында 6 педагог біліктілік санатын алуға өтініші білдірген.Ағымдағы оқу жылы аттестатталуға өтініш берген мұғалімдердің өтініштері қабылданып, аттестатталушы мұғалімдер(тізім бойынша) аттестаттаудың I және II кезеңінен «педагог-сарапшы» - 1, «педагог-модератор» - 5 педагог өткізілген..(педагог-сарапшы Утемисова Г, педагог-модераторлар Асанғалиева М әлеуметтік педагог, Жолшарова А –ШДО тәрбиеші, Есниязов Е музыка пәні,Аймұхамбетова А шетел тілі пәні мұғалімі)

2022-2023 оқу жылында 5 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-сарапшы» -5, «Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен 5 педагогтаоның ішінде «педагог-сарапшы» -5тиісті біліктілік санатын алған.. (бастауыш сынып мұғалімі Л.Аманғалиева, технология пәні мұғалімі А.Дуйсегалиева ,бастауыш сынып мұғалімі М.Ермек, биология, химия пәні мұғалімі А.Нурғалиева, тарих пәні мұғалімі М.Наубетов)

2023-2024 оқу жылында жоспарға сәйкес, 1 педагог аттестаттаудан өтеді. 2019 жылы 25 маусымда орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аманқызы Шолпан аттестаттаудан өткен. 2024 жылы кезекті аттестаттаудан өтеді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;

Зерделеу нәтижелері: 2021-2022,2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілген.

Көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру арқылы адами құндылықтарға тәрбиелеу сыни ойлауға жетелеу арқылы шығармашыл тұлға қалыптастыру мақсатында және қазақ тілінің әдеби нормаларын сақтап , дұрыс қолдана білуге бағытталған «Көркем әдебиет-өмір тану құралы» , «Қазақ тілі орамды тіл» , «Тіл дамыту» атты аптасына 1 сағаттан курс берілді.Курстың нәтижелері бойынша:

2021-2022 оқу жылында оқушыларымыз аудандық, облыстық, республикалық байқауларда жүлделі орындар алды. 6-класс оқушысы Жұмабекқызы Көркем **Ер Едіге** жырын жатқа айтудан **«Qazaq Epos»** республикалық жобасының аудандық кезеңінде диплом, жетекшісі Бітімбаева Динара, «Бабалар жыр аманаты» республикалық байқауында Бекішова Нұрайым 2-орын, Қоблан Арайлым 2-орын, аудандық Қадыр Мырза Әлидің «Өлең жаздым тоғыз тарау, жеті өрім» атты жас ақындар байқауында Елемесова Фариза 3-орын, « Сөзім бар да, өзім бар» ақын өлеңін нақышына келтіріп орындағаны үшін Қоблан Арайлым 3-орын, Республикалық Әлихан Бөкейханның 155 жылдығына арналған «Алаш ардақтысы» атты байқауда Қоблан Арайлым 3-орын, 7-класс оқушысы Көңілхошова Қарақат 1-орын,7-класс оқушысы Қыдырбаева Гулсима 2-орынмен марапатталды.

2022 – 2023 оқу жылында оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру, логикалық ойлауға қалыптастыру мақсатында **«Математика және логика»** курсы енгізілді. Курс нәтижесінде «Ақбота» интеллектуалдық ойынында Нұрсітқызы А 1 –орын, Қоблан Ерасыл 1-орын, Жасанова Аймира 3-орын, Тынышбай Кәусар 3-орын , Бектасқызы Көзайым 3-орын, Аудандық «Бастау»олимпиадасында Алғыс хатпен марапатталған

2023 – 2024 оқу жылында оқушылардың терең ойлауға , логикалық және абстрактілі ойлауды қалыптастыру мақсатында**«Математика және логика»** курсы енгізілді. Курс нәтижесінде 4-сынып оқушысы Базарбай Нұрсұлу «Математика және ғажайып әлем» олимпиадасында мақтау қағазымен марапатталды.Жетекшісі Жолшина Батима. **«Кенгуру-математика барлығы үшін »** интеллектуалдық ойын конкурсында Нұрсітқызы Айсана ,Ниязбекова Асылай 3-орынмен марапатталды. **«Кішкентай білгірлер»** байқауында аудандық кезеңінде 2-орынмен марапатталған.

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын
2021 -22	8		1	2				1	2	3
2022-23	5							2		3
2023-24	4		1	1						3

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіліп жатқан стандартты деңгейдегі сағаттар, сонымен қатар вариативтік компонент сағаттары оқытылуы бойынша оқушылар көптеген жетістіктерге жетті.

2021 -2022 оқу жылында «Экология» аптасына 1 сағаттан курс енгізілді . Курс нәтижесінде 1-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының облыстық «Зерде» ғылыми жоба байқауында Алуова Асылжан аудандық «Зерде» шығармашылық байқауында 1-орын, облыстық кезеңінде «Зерде» ғылыми шығармашылық жобасында Алуова Асылжан **1-орынмен марапатталды.**Жұмабекқызы Ақерке жетекшісі** Аманғалиева Л, **Алдаберген Тимур** 7-сынып оқушысы жетекшісі Бітімбаева Анара **.Зерде»** ғылыми жоба байқауында аудандық кезеңінде алғыс хатпен марапатталды.**Көңілхошова Қарақат** аудандық «Зерде» шығармашылық байқауында **1-орын**, облыстық кезеңінде **3-орынмен** марапатталған.**

2022 – 2023 оқу жылы бойынша “Зерде” 1-7 сынып оқушылары арасындағы ғылыми жоба байқауы бойынша: Облыстық кезеңге бірінші орын алған 1 жұмыс жіберілді. Облыстық кезең бойынша: **Гран – При -1, Базарбай Нұрсұлу . Республикалық кезеңінде Базарбай Нұрсұлу 3-орынмен** марапатталған. Аудандық кезеңіне 3 оқушы қатысып 3 оқушыда марапатталған. **1 орын Базарбай Нұрсұлу, Жетекшісі Аманғалиева Л, 1-орын Жұмабекқызы Ақерке Жетекшісі Жолдығали Халила , 3-орын Төлеубай Архат жетекшісі Аманқызы Шолпан.**

2023 – 2024 жж Аудандық “Зерде” зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының байқауы өтті. Байқау қорытындысы төмендегідей нәтиже көрсетті. Аудандық кезеңге 2 оқушы қатысты.

1 Жұлделі 1 орын алған оқушылар облыстық кезеңге жолдама алды. 2-сынып оқушысы **Ниязбекова Амангүл 1-орын. 1-орын Жұмабекқызы Ақерке Жетекшісі Жолдығали Халила**

Облыстық кезеңнің қорытындысы:

2-сынып оқушысы **Ниязбекова Амангүл 1-орын. Жетекшісі Аманғалиева Л.Ж**

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын
2021 - 2022	5	2		1	1		1			
2022 - 2023	3	1		1	Гран ПРИ1					1
2023-2024	3	2			1					

. Аталған курстар білім алушылардың өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алуына мүмкіндік берді. Осы орайда оқушылар математикалық олимпиадалар мен байқауларда көптеген жетістіктерге жетті.

2021 -2022 оқу жылында Аудандық «Балалық шақ» байқауында **Амангелдиев Мансұр** бас жүлде. Жетекшісі Дуйсегалиева А, Аудандық «Алтын сақа» олимпиадасында **Ниязбекова Алиса 1-орынмен** марапатталған.

2022 -2023 оқу жылында аудандық «Үнем-қоғам қуаты» жобасына қатысып **Қоблан Арайлым Мақтау қағазымен** марапатталды. «Ұлттық салт-дәстүр және әдеп –ғұрыптар» байқауында **Нұрсіітқызы Ақжүніс 1-орын**, облыстық кезеңінде **2-орынмен** марапатталды. Жетекшісі Дуйсегалиева А. Аудандық « «Жаңа жылдық шырша-2023» байқауында

Нұрсіітқызы Ақжүніс 1-орын, облыстық кезеңінде **3-орынмен** марапатталды. Аудандық туған елім – кең байтақ жерім» атты эссе байқауында **Қоблан Арайлым 3-орын**.

Облыстық «**Ауылымның көктемі**» бейнеүндеу байқауында **3-орынмен** марапатталды. Аудандық «**Аламан**» олимпиадасында **Базарбай Нұрдәулет 2-орын, Жұмабекқызы Көркем 3-орын, Амандықұлы Қуантқан 3-орын, Жетекшісі Нургалиева А. Облыстық эссе байқауында Қоблан Арайлым 3-орын, жетекшісі Аймұхамбетова А. «Мейірім әлемді құқарады» байқауының аудандық кезеңінде Ниязбекова Амангүл алғыс хат, жетекшісі Аманғалиева Л, Ескен Елубай оқушының аудандық кезеңінде Алуова Асылжан 2-орын, облыстық кезеңінде 3-орынмен марапатталған. Жетекшісі Аманғалиева Л. «**Ертегілер елінде**» атты аудандық байқауда **Тастеміров А 1-орынмен** марапатталған . Жетекшісі Л.Аманғалиева. Республикалық Мағжан Жұмабаев оқулары аудандық кезеңінде **Қоблан Арайлым 3-орын. Жетекшісі Жолдығалиева Х. Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңінде физика секциясы бойынша Қалидоллаев Данияр 2-орын , «Ақбота» интеллектуалды ойын конкурсында Сәкенұлы Б 1-орын, Тастеміров Аят 1-орын, Тастемірова Айару 2-орын, Қоблан Ерасыл 2-орын, Сырбайұлы Ерқосай 1-орын. Қол күрестен Ерланұлы Жақсыбек облыс чемпионы, аудандық қолкүрестен 2010-2011 оқушылар арасында спортакиадан **Ниязбекова Алиса 1-орын, Азаматқызы Аружан 1-орын, Алуова Асылжан 1-орын, Алдабергенов Теміржан 1-орын, Ерланұлы Оразбек 3-орын, Аудандық теннис турнирінде Алуова А 3-орынмен** марапатталған. Аудандық «Үздік қойылым» байқауында «**Театр және балалар**» үйірмесінің оқушылары **3-орын**. Аудандық «Егер мен супер қаһарман болсам» сурет байқауында **3-орын** . «**Тарих ата**» қашықтық олимпиадасында **8-класс оқушысы Жұмабекова Көркем 3-орынмен** марапатталған.****

2021-22	2	1		1					
2022-23	3		1	2					
2023-24	2			1		1			

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңдері бойынша нәтиже:

2021-2022 оқу жылында пәндік олимпиада қараша айының 26-27 күндері өткізілді,.

Аудандық олимпиадаға 3 оқушы қатысып, 1 оқушы жүлделі орын алды. 9-сынып оқушысы Берекетова Маркизат химия пәнінен 2-орын.

Облыстық астрономия олимпиадасында Нұртаева Ақнұр 2–орынмен марапатталған.

2022-2023 оқу жылында пәндік олимпиадаға 4 оқушы қатысып 3 оқушы Мақтау қағазымен марапатталған. География пәнінен Алдабергенов Тимур Мақтау қағазы, Қоблан Арайлым биология пәнінен Мақтау қағазы, Базарбай Нұрдәулет химия пәнінен Мақтау қазымен марапатталған.

Оқушылардың қалалық (аудандық, облыстық, республикалық) олимпиадаларға қатысуын талдау

Оқу жылы	Сынып	Орыс тілі мен әдебиеті		Қазақ тілі мен әдебиеті		Ағылшын тілі		Биология	
		бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар
2021-2022	9			1	1				
2022-2023	9							1	1
2023-2024	9					1			

кестенің жалғасы

Химия		География		Физика		Математика		Тарих	
бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар	бала саны	жүлделі орындар
				1	1				
1	1	1	1						
						1		1	

2022 – 2023 оқу жылдарындағы «Парасат» дебаттық клубтың жетістіктері:

Аудандық «Абайдың толық адам философиясы» дебат турнирінен «Парасат» дебат клубы Алғыс хат.

Жалпы қорытындылай келе:

2021-2022 оқу жылдарында жетістікке жеткен оқушылар туралы кесте

Олимпиада мен конкурстар түрлері	Аудандық	Облыстық	Республикалық Халықаралық
----------------------------------	----------	----------	---------------------------

Пәндік олимпиадалар мен білім байқаулары	4		
Ғылыми және шығармашылық жобалар байқауы	2	2	
Қашықтық форматтағы байқаулар	2		3
Интеллектуалдық конкурстар			3

2021-2022 оқу жылдарында жетістікке жеткен оқушылар туралы кесте

Олимпиада мен конкурстар түрлері	Аудандық	Облыстық	Республикалық Халықаралық
Пәндік олимпиадалар мен білім байқаулары	5		
Ғылыми және шығармашылық жобалар байқауы	3	3	1
Қашықтық форматтағы байқаулар	1		1
Интеллектуалдық конкурстар	3		
	3	2	

2023-2024 оқу жылдарында жетістікке жеткен оқушылар туралы кесте

Олимпиада мен конкурстар түрлері	Аудандық	Облыстық	Республикалық Халықаралық
Пәндік олимпиадалар мен білім байқаулары	8		
Ғылыми және шығармашылық жобалар байқауы	3	2	
Қашықтық форматтағы байқаулар	3		9
Интеллектуалдық конкурстар	2	13	7
Спорттық жарыстар	7	5	

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

2021-2022 оқу жылында Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта «Қарасу негізгі мектебі» КММ-нің 2021-2022 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде соңғы 2017 жылы курстан өткен педагогтердің және 2021-2022 оқу жылында аттестациялаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

2022-2023 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған. 2022-2023 оқу жылында 2018 жылы курстан өткен педагогтер толық курстан өтті.

2023-2024 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 9 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Инклюзив бойынша	Педагогтердің ІТ құзыреттілігін арттыру
2021-2022 о.ж	19	12	-	19
2022-2023 о.ж	18	4	-	6
2023-2024 о.ж	18	3	2	2

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог саны жоқ, 100% курспен қамтылды.

Әлеуметтік педагогтің бітірген мамандығы бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасарлары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2023-2024 ж	Л.Ж.Амангалиева «Білім берудегі менеджмент»	Оқу ісі орынбасары І.Смайлова 3 жыл толмауына байланысты курстан өткен жоқ	А.Т.Дуйсегалиева «Білім берудегі менеджмент»

деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

№	контингенттің құрылымы	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
		жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
1	«Қарасу негізгі мектебі» КММ	9	54	9	49	9	48 (оның ішінде 1 оқушы үйден тегін оқытылды)

«Қарасу негізгі мектебі» КММ –не жылма жыл білім алушылардың келуі бойынша өсімі тұрақсыз. Мектепке білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611 өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Қарасу негізгі мектебі» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтерге тоқталсақ, мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы 2021-2022 оқу жылында, 2022-2023 оқу жылында оқушы болған жоқ. 2023-2024 оқу жылының 2-жартыжылдығынан бастап 1 білім алушы бастауыш сыныпқа денсаулығына байланысты үйден тегін оқытылатын білім алушы болып Ақтөбе қаласы №7 мектептен келді. Ата-анасының өтініші және ПМПК қорытындысының нәтижесінде мектепке қабылданды.

ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған. Білім алушыларға уақытылы жағдай жасалған. Үйден оқитын оқушыларға бұйрықпен бекітілген мұғалімдер тағайындалған. Денсаулығына байланысты ата-аналарымен келісілген сабақ кестелері бар. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2- қосымшасында сыныптағы балалар саны сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы «Қарасу негізгі мектебі» КММ –не 2021-2022 оқу жылында мектепте 1-9 кластар бойынша 9 класс жиынтығында 54 білім алушы оқыған. (**Ескерту:** 2-3 –сыныптарда орыс тілі, шетел тілі, өзін-өзі тану, денешынықтыру, музыка, көркем еңбек, вариатив сабақтары біріккен, 7-8-сыныптарда қазақ әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, информатика, дүние жүзі тарихы, өзін-өзі тану, денешынықтыру, көркем еңбек, вариатив сабақтары біріккен) Яғни әр класта толымдылығы бойынша 6 баладан келген. 2022-2023 оқу жылында 1-9 кластарда 9 класс жиынтығында 49 білім алушы оқыған, ал толымдылығы бойынша 8 баладан келген. (**Ескерту:** 2-3-сыныптарда шетел тілі, цифрлық сауаттылық жаратылыстану, дүниетану, денешынықтыру, музыка, көркем еңбек, вариатив сабақтары біріккен, 5-6-сыныптарда) 2023-2024 оқу жылында 9 класс комплектіде жыл соңында 47 білім алушылармен аяқтады. Әр класс-комплектіге 7 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған. (**Ескерту:** 5-6-сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, информатика, қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, денешынықтыру, музыка көркем еңбек сабақтары біріккен, 7-8 сыныптарда қазақ әдебиеті, орыс тілі

мен әдебиеті, шетел тілі, информатика, геометрия, дүние жүзі тарихы, денешынықтыру, көркем еңбек сабақтары біріккен))

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

**«Қарасу негізгі мектебі» КММ бойынша
2021-2024 оқу жылындағы контингент қозғалысы**

Оқу жылдары бойынша	Жыл басындағы оқушы саны	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		Жыл соңында
		келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	
2021-2022	54		5		4		1	49
2022-2023	49	3	7	1	4	2	3	45
2023-2024	45	4	1	3		1		47

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі басқа жерлерге қоныс аудару жерін ауыстыру болып қала береді. **(Ескерту: 2023-2024 оқу жылында 2 оқушымыз төтенше жағдайға байланысты Ойыл ауданындағы Ж.Жүсібалиев атындағы орта мектебіне уақытша оқытылды. (Келген –кеткен есепке сол себепті қосылған жоқ)**

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар: -білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Зерделеу барысында:

2021 - 2022 оқу жылында «Қарасу негізгі мектебі» КММ контингент 1-9 сыныпта 9 класс жиынтығында – 54 оқушыға білім берілген.

2021-2022 оқу жылында білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген Әліппенің қайта оқытылуы болды. Сонымен бірге мұғалімдердің жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі артты.

2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру болатын.

2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымшасы) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған.

1-9-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымша (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымшасы) оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндермен сәйкес берілген. Оқу

пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген

2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беруге 100,5 сағат, негізгі орта білім беруге 167 сағат, , барлығы 267,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

2021 - 2022 оқу жылында контингент 1-9 сыныпта 9 класс жиынтығында – 49 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 1 сынып жиынтықта – 6 білім алушы оқиды.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-4 кластар үшін; 1-қосымша 5-9 кластар үшін; 6-қосымша оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, барлығы 250,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2021-2022 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен, 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Шағын жинақты мектеп болуына байланысты бала санына сәйкес , 2-3- сыныптар, 5-6-сыныптар, 7-8-сыныптар кейбір пәндер бойынша біріктіріліп оқытылатындықтан, сабақ кестесі де сәйкестендіріліп жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 250,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2021-2024 жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kyndelik kz» пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

Талдау нәтижесі: Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің екі деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған.

Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз стілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптардың білім алушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылған.

Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары сәйкестігі тексеріліп, сынып журналына түсірілуін, сағат санының дұрыс болуы зерделенген. Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі артықшылықтары мен кемшіліктері айтылған.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, kundelik.kz журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Kundelik.kz журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған. 2021-2022 оқу жылында 5-9-сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылы бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің тандау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2021-2024 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі

Оқу жылдары	Үйде жеке тегін оқытылған оқушылар саны			Барлығы
	1-4кл	5-9кл	10-11кл	
2021-2022 оқу жылы	0	0	0	0
2022-2023 оқу жылы	0	0	0	0

2024 жылдың 2-жартыжылдығында 1 оқушы келді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған

Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру.

Үйден оқытуға балаларды қабылдауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына 3-қосымша "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы басшылыққа алынған.

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында барлығы 1 оқушыға дәрігерлік-кеңес комиссиясының және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде үйде жеке оқыту ұйымдастырылған. «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына» сәйкес оқу жұмыс жоспары құрылып, орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған оқу бағдарламасымен (27.07.2017ж №352 бұйрық) оқытылған.

Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жоспарына сәйкес барлығы 8 сағат жүктеме тағайындалған.

Педагог-психологтары АФ.Калиева, әлеуметтік педагог М.Асанғалиева Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген “ Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары”- на сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда. Мектептің әлеуметтік педагогы М.Асанғалиева ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, тұрмыс-жағдайын бақылауға алған, зерделеу актілері жинақталған.

Мектеп психологтары, әлеуметтік педагог психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда пән мұғалімдеріне кеңестер беріп, көмек ұйымдастырып отырған. Мектептің әлеуметтік педагогы М.Асанғалиева ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып «Қайырымдылық», «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциялар арқылы балаларға көмектер берілген, отбасындағы балалардың тұрмыс-жағдайын үнемі барып бақылап актілеп отырады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың мектепте білім алуын ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алған.

Білім беру барысында ұстаздардың барлығы сабақ жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнап тапсырма беріледі және тапсырма талданып формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланады.

ҰОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

Зерделеу нәтижесі бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2021-2022 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182), (28.08. 2020 № 372) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 ж 26.03. №125 енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 сыныптар, 5-9-сыныптар 6-қосымша үшін оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

2-3 және 4- сыныптарда оқушылардың ұлттық ойындар туралы таным-түсінігін қалыптастыру мақсатында «Құндылықтың бірі – ұлттық ойындар» курсы аптасына 1 сағаттан берілген. 5-сыныпта тіл мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Тіл дамыту» курсы аптасына 1 сағаттан берілген. Көркем әдебиетті сүю, еркін сөйлеуге үйрету мақсатында «Қазақ тілі орамды тіл» курсы аптасына 1 сағаттан берілген. 6-сыныпта аптасына 1 сағаттан табиғатты қорғау, сақтау жолдарын ұғындыру мақсатында «Экология» курсы енгізілді. 6-сыныпта қазақ әдебиетінен «Көркем әдебиет өмірді тану құралы» курсы аптасына 1 сағаттан өткізілді.

7-8 -сыныпта география пәнінен «Картография және топография негіздері» курсы аптасына 1 сағаттан берілген. Мақсаты: географиялық карталардың түрлері, жіктелуін, топографиялық карталарды танып білу. 7-8-сыныпта аптасына 1 сағаттан «Сөз өнері» курсы енгізілді. Мақсаты: оқушыларды шығармашылық ізденіске баулу. 9-сыныпта аптасына 1 сағаттан «Зайырлық қоғам және дінтану негіздері» курсы енгізілді. Мақсаты: дінді зайырлы таным аясында тануды үйрету. 9-сыныпқа Ұлы Абайдың шығармалық танып –білу мақсатында «Абай тану» курсы енгізілді.

2022-2023 оқу жылында «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына ((ҚР ОА министрінің 2022 ж 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) енгізілген өзгерістермен толықтырулар негізінде мектеп алды даярлық сыныбы үшін 3-қосымша алынды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 5-9-класс үшін 6-қосымша оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

1-4 кластарда: математика пәнінен логикалық ойлауын, жылдам есептеу дағдысын қалыптастыру үшін «Математика және логика» курсы аптасына 1 сағаттан, 2-3-сыныптарда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай функционалдық сауаттылықтарын дамыту, ойлау дағдыларын арттыру үшін арналған «Шахмат» курсы **1 сағаттан** жүргізілген

5-8-сыныптар арасында аптасына 0,5 «Жаһандық құзіреттілік» курсы» енгізілді 9-сыныпқа аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзіреттілік» курсы» енгізілді. Мақсаты: бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылында 1- сыныпқа «Математика және логика» курсы енгізілді. Мақсаты: есте сақтаудың түрлері қиял мен зейінді қалыптастыру, дамыту. 2 -сыныпқа «Секреты русского языка» курсы енгізілді. 2-3 сыныпқа «Шахмат сабақтары» аптасына 1 сағаттан, 4 – сыныпқа «Ағылшын тілін үйренемін» курсы аптасына 1 сағаттан берілген. 5,6,7,8 сыныптарда вариативті компоненттен 0,5 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсына бөлінген. Мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту .

9 сыныпта вариативті компоненттен 1 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған «зайырлылық» принципін құндылық, яғни мемлекет баяндылығының басты тұғыры ретінде қабылдауға үйрету.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

2022-2023 оқу жылдың 15 қыркүйектегі мектеп директорының «Жасөспірімдер арасындағы жол – көлік оқиғаларының алдын алу» № 23/1-н/қ бұйрығы негізінде «Жас жол инспекторлар» клубы және жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. «Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» ролдік ойындары, «Жол қауіпсіздігі», "Жолда жүру ережесін біл және құрметте" тақырыптарында ақпараттық сағаттар, "Қай жерлерден өтуге болады?" тақырыбында сынып сағаты, «Жол ережесін білейік, аман – есен жүрейік» спорттық ойындардан жарыстары өткізілген. 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар сынып сағаттарының тақырыбымен (1-4 сыныптарда 6 сағат, 5-8 сыныптарда 10 сағат) қосылып жазылған.

2023 – 2024 оқу жылының 2023 жыл 04 қыркүйектегі №15 бұйрығы бойынша «Жас жол инспекторлар» клубының жоспары негізінде «Жол ережесін білеміз бе?» сынып сағаттары, «Бағдаршам» тақырыбында жас суретшілер мен қолөнер шеберлер байқауы, «Жол ережесін білу – бәрімізге міндет» МАИ қызметкерімен кездесу, «Жол жүру белгілері және таңбалары» викториналық ойындар, «Сақ болайық, көшеде» оқушылардың көшеде және жолда өзін – өзі ұстау ережелері туралы дөңгелек үстел өткізілді. 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып жазылған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;
Зерделеу барысында:

2021-2022 оқу жылында жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктемеге сәйкес.

2021-2022 оқу жылында апталық оқу жүктемесінің көлемі бастауыш білім беруде 27 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2022-2023 оқу жылы зерделеу барысында апталық оқу жүктемесі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта 34 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылы зерделеу барысында апталық оқу жүктемесі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта 34 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2021-2022 оқу жылы инварианттық оқу жүктемесі бойынша 1-класта – апталық 22,5 сағат, жылдық 742,5 сағат, 2-класта – апталық 23 сағат, жылдық 782 сағат, 3-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат, 4-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 850 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 6-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 7-сыныпта – апталық 34 сағат, жылдық 1156 сағат, 8-сыныпта – апталық 35 сағат, жылдық 1190 сағат, 9-сыныпта – апталық 36 сағат, жылдық 1224 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта сағат жоқ, 2 сыныпта апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 3-сыныпта – апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат берілген. (ескерту 2-3-сынып біріккен класс болғандықтан, бірігіп оқиды) 4-сыныпта апталық 1 сағат, жылдық 34 сағат берілген. 5-сыныпта апталық -2 сағат, жылдық – 68 сағат, 6-сыныпта апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат, 7-8-сыныпта апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат, (Ескерту 7-8-сынып бірігіп оқиды). 9-класта апталық 2 сағат, жылдық -68 сағат берілген.

2022 -2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2022-2023 оқу жылы бойынша инварианттық оқу жүктемесі бойынша 1-класта – апталық 18,5 сағат, жылдық 647,5 сағат, 2-класта – апталық 23 сағат, жылдық 828 сағат, 3-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 900 сағат, 4-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 900 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 1008 сағат, 6-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 1008 сағат, 7-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1116 сағат, 8-сыныпта – апталық 32 сағат, жылдық 1152 сағат, 9-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1188 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. **Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны**, 1 сыныпта - апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 2-3 сыныпта апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 4 сыныпта – апталық-1 сағат, жылдық – 34 сағат берілген.

5- сыныпта – апталық 05 сағат, жылдық – 18 сағат, 6-сыныпта апталық – 0,5 сағат, жылдық – 18 сағат, 7-сыныпта апталық – 0,5 сағат, жылдық – 18сағат, 8-сыныпта апталық -0,5 сағат, жылдық-18 сағат, 9-сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 36 сағат, сағатты құрайды

Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген.

сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1- класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған. Оқу жылының аяғында 9- класс түлектеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырған.

Аталған оқу жылдарында мектепке бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық 2021 жылдың 25 тамызынан кейін шығарылған, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары” негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары жинақталған.

2021-2022 оқу жылының басында 54 оқушы. 1- сыныпқа 7 оқушы, қабылданған. 9 кластан 4 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған.

2022-2023 оқу жылының басында 49 оқушы. 1- сыныпқа 8 оқушы қабылданған. 9 кластан 4 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған.

2023-2024 оқу жылының басында 48 оқушы. 1- сыныпқа 8 оқушы қабылданған. 9 кластан 3 оқушы бітіреді .

Мектептен құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған.

Педагогикалық кеңесте (оқу жылындағы хаттама №1, хаттама №5,6 шешімдері) қаралып, шешімі шығарылып отырған.

сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2021-2023 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген электронды «kundelik.kz» күнделік журналдарын тексеру арқылы зерделенді. 2023-2024 оқу жылы «Bilimclass kz” журналы арқылы зерделенді. Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген.

Оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын,2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын, 5-9-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Жалпы оқу жылының басталуы – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының аяқталуы - сол жылдың 25 мамыры. Әрбір оқу тоқсанын аяқтау туралы мектеп директорының бұйрықтары шығарылып, оқушылар каникулға жіберіліп отырған.Жалпы оқу жылындағы каникул уақытының

ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріліп отырғаны анықталды.

2021-2022 оқу жылы:

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

- 1) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы;
- 2) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-9- сыныптарда: күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда); 8 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда).

2021-2022 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2022-2023 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы « Орта білім беру ұйымдарында 2022– 2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 363 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген: 1-9 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан- 6 қараша аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында). Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-9- сыныптарда 36 оқу аптасын құрайды.

2022-2023 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2023-2024 оқу жылы

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-9- сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Жалпы оқу жылының басталуы – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының аяқталуы - 2024 жылдың жылдың 25 мамыры. Күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан- 5 қараша аралығында), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында). 2022-2023 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген

5. Оқу-материалдық активтер

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кеміне 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар) , білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейне бақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы).

Мектепте оқу кабинеттері қажетті оқу-дидактикалық кешендермен жабдықталған. Компьютерлік технологиялар басқаруда және оқытуда қолданылады. 1 кабинет интерактивті тақтамен жабдықталған. Жұмыс барысында 2 проектор қолданылады.

Типтік жобадағы мектеп болмағандықтан шеберханалар , зертханалар жоқ, 2025 жылы типтік жобада мектеп салу жоспарлануда .

-ғимаратта № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуғыштар) болуы. Мектеп типтік 1991 жылы ашылған. 2020 жылы мектептің ішінен ішкі туалет, қол жуатын бөлме жасақталған. Ауыз суді келер арқылы ішеді.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер

Ойыл аудандық ауруханасымен келісім шарт жасакталған. Ауылдық медпункт мекемесінен медбике оқушыларға медициналық көмек көрсетеді.

Ақтобе облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Ойыл аудандық ауруханасы» КММ тарапынан медициналық кабинетке лицензия алынған. Лицензияның номері № 10387DD. Берілген уақыты 28.03.2018ж. Мерзімі шектеусіз. Медициналық кабинет қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Медициналық кабинетте дәрілер салатын құрал-жабдықтарға арналған шкаф, 2 кушетка, 2 ширма, бикс-5, мед. таразы, тоназтқыш-2 т.б құралдар бар. Медициналық кабинетте қажетті алғашқы жәрдем көрсететін дәрі-дәрмектері бар. Кабинетте балаларды есепке алу (переписи) журналы, екпенің жылдық (сандық) журналы бар. Медбике Мергенғалиева Гулдана мамандығы мейіргер ісі. Мейірбикенің біліктілігін арттыру куәлігі №385/12020ж 14.08. бар.

Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер «Қарасу негізгі мектебі» КММ (2021-2024 оқу жылы жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Алашорда №2	Лицензия №10387DD 2018ж.28.03 Үй жайларды өтеусіз пайдалану келісім- шарт №8.03.09.2021ж	медпункт 17,1 кв/м

edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер;

Зерделеу барысында үшінші деңгейдегі домендік атауды «RS Solutions» ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестік) 2021 ж 1 наурызында №84/2021 Домендік атауды тіркеу бойынша қызметтер көрсету шартымен edu.kz аймақтағы деректерге орналастырылған.

Мектеп сайты: сайты karasu.uil-roo.edu.kz мектеп электронды поштасы:

karasunmektebi@mail.kz

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер;

1-4 сынып оқушылары үшін металл шкафтар, саны 12 дана құлыппен 4 есіктен 48 оқушыларға арналған, сомасы 71568 (жетпіс бір мың бес жүз алпыс сегіз) сомаға (договора №136 от 17.05.2022 с ТОО «Афинити») алынған.

Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін Қазақстан республикасы ішкі істер министрлігінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 және Қазақстан республикасы білім беру және ғылым министрінің бірлескен № 32 бұйрықтарға сәйкес Білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы. Мектепте зерделеу кезінде бейнебақылаулар саны- 8, мектеп ішінде 4, мектеп сыртында -4

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер;

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған мектепте пандус, тактильді тақталармен жабдықталған.

Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.

Мектепте 18 орынға арналған асхана бар. Асхана 1 бөлмеден тұрады. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 4/3895 кепілдік хатына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 4 қыркүйегінен бастап № 1 қосымшаға сәйкес 1-4 сынып оқушылары түгелдей ыстық тамақпен қамтылды және №2 қосымшасына сәйкес жекелеген санаттағы яғни 1 категория бойынша 2 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Бір балаға облыстық білім басқармасы бекіткен екі апталық ас мазір бойынша бір балаға шаққанда 507 теңге көлемінде тамақтандырылады. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының берілген уақыты 13.11.2014ж. № 32. Тамақтану қызметін жеке кәсіпкер «ӘЛІП КҮЛЖАМАЛ ӘЛІБЕКҚЫЗЫ» көрсетеді. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі сериясы 08915 №0102518 берілген уақыты 11.10.2011ж. Келісім шарт №85 берілген уақыты 28.03.2023ж Келісім шарт № 174 берілген уақыты 31.08.2023 жыл, 02.08.2024 №59

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер «Қарасу негізгі мектебі» КММ (2023-2024 оқу жылы жағдай бойынша)

Білім беру ұйымының орналасқан нақты мекен - жайы	Тамақтану объектісінің атауы (асхана, буфет, кафе)	Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық – эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні мен номері)	Ескертпе (тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қарасу ауылы, Қарасу негізгі мектебі, Алашорда көшесі № 2 үй	Асхана	№ 32 13.11.2014жыл	<i>№85 Келісім шарт, 28.03.2023ж. №174Келісім шарт, 31.08.2023ж, 02.08.2024 №59 №60 №61 ИП «ӘЛІП КҮЛЖАМАЛ ӘЛІБЕКҚЫЗЫ» серия 08915 №0102518 11.10.2011ж.</i>

6.Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 22 шаршы метр. Оқу залы-1, отыратын орындар саны -10, Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды. **Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).**

Мектепте штаттық кесте бойынша бір кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапханашы Ерсарина Света Жасанқызы, білімі: жоғары. БатысҚазақстан университетінде Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Библиография» мамандығы бойынша 2007 жылы бітірген. Еңбек өтілі- 33 жыл

Ерсарина Света Жасанқызы «Өрлеу біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы», «Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа-ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбы бойынша курстан өткен 25.04 -26.04.2024 (80 сағат) тіркеу № 0756268

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-5456; Оның ішінде: Оқулық-1614; Әдістемелік, электрон оқулық, МАД жұмыс дәптері -391; Көркем әдебиет, брошюра, журнал-2764. Уақытша пайдалану қоры (дәптерлер)-687; Шағын дамыту орталығында әдістемелік брошюралар саны -120.

Негізгі қор-5456 дана

Қазақ тілінде- 3932 - 72% ; Орыс тілінде- - 1227 , 22 %; Ағылшын тілінде- 297, - 0,05%

Материалдық-техникалық база

Кітапхананың жалпы аумағы - 22 шаршы метр;

Оқулықтар қоймасы- 12 ш/м

Коворкинг орталығы, буккроссинг алаңы, оқуға құштар мектеп алаңы жабдықталған

Кітапхананың техникалық жабдықталуы:

Компьютер-1

Оның ішінде:

Оқырманға- 1 компьютер

Кітапханашыға-1 компьютер

Интернетке қосылған

Кітапханашылар семинарына қатысу, іс-тәжірибемен бөлісу:

2019 ж «Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» 1 Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысқаны үшін сертификат.

2020ж Аудандық кәсіподақ комитетінен Алғыс хат,2022 жылы. «Ұлттық құндылық тәрбие көзі» аудандық семинар Алғыс хат

2023 ж. Аудандық білім бөлімінен Алғыс хат ,2024 ж аудандық кітапханашылар семинарында Алғыс хат

Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.

Зерделеу нәтижесі бойынша мектепте 25 компьютермен жабдықталған, оның 14 ноутбук, 1-компьютерлік кабинет 11-компьютер жұмыс жасап тұрғаны анықталды. Қосылу технологиясы РРЛ. Мектеп бойынша 1 нүкте арқылы Wi Fi қабылдау-тарату қондырғысымен жабдықталған. Интернет жылдамдығы 20 Мб/с. «Казактелеком» АО мен 2024 ж.24.01. № 10 келісім шарт жасалған.

7.Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

-ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері);

Зерделеу нәтижесі бойынша:

2021-2022 оқу жылында білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (өзгерісі 12.05.2022 №193) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестатту жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша,

2021-2022 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:

Р/с	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9	28.05.2022	Қазақ тілі	Эссе	4	-	4	-	-	100%	Бітімбаева А
3	9	31.05.2022	Алгебра	Жазбаша	4	-	4	-	-	100%	Арынғазы Г
5	9	03.06.2022	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша	4	-	4	-	-	100%	Жолдығалиева Г.
7	9	06.06.2022	Биология	Ауызша	4	1	3	-	-	100%	Нургалиева А

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:

р/с	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9 кл	2.06.2023	Қазақ тілі	Эссе	4	1	3	-	-	100%	Мұқышов Б

2	9- клас с	06.06.20 23	Алгебра	жазба ша	4	4	-	-	-	100 %	Утемисова Г
3	9- клас с	09.06.20 23	Орыс тілі мен әдебиеті	жазба ша	4	4	-	-	-	100 %	Аманқызы Ш
4	9- клас с	13.06.20 23	биология	ауыз ша	4	4	-	-	-	100 %	Аманқызы Ш

Барлық пәндер бойынша **100 %** білім сапасын көрсетіп отыр. Қорытынды аттестаттаудың хаттамалары тігіліп, жинақталған. Емтиханда алған бағалары тоқсандық бағаларымен сәйкес келеді.

білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Зерделеу барысында: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығымен 2021-2022 оқу жылындағы сынып журналдарындағы бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-9-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың тоқсандық және жылдық қорытынды бағалары шығарылғандығы анықталды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген.

Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-9-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің комментарийлері ішінара жазылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Мектеп бойынша әр тоқсан сайын мектеп директорымен бекітілген бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау өткізу кестесі жасалған. Жиынтық бағалау кестесі пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкес келетіндігі анықталды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-9- сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болған, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету).

Мектепте 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар болған жоқ. 2023-2024 оқу жылының 16 қаңтарынан бастап 1 оқушы Ақтөбе қаласынан №7 арнайы мектептен келді. ПМПК қорытындысы және Жұмыс оқу жоспары жасалып, сабақ кестесі әзірленіп, оқу жоспары мен оқу бағдарламалары дайындалған. Оқу жетістіктері бағаланып сынып журналдарына түсірілген. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыны педагогпен бірге өз қызметтерінің кері байланысын

жүзеге асырып отырған. Мұғалімнің күнделікті қысқа мерзімді жоспарында ПМПК қорытындысы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған жеңілдетілген жеке тапсырмалар дайындалған. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу процесін іске асыруда қарым-қатынас орнатылған. Оқу процесін тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде ұйымдастырып, білім алушының білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етілген.

Үлгілік оқу жоспарға сәйкес жасалып бекітілген жұмыстық оқу жоспары бойынша түзету жұмыстары жүргізілген. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары талапқа сай жүргізілген.

Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, білім алушыға сапалы білім алуына, әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілген. Танымдық қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктері есепке алынған. Білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, түзету шаралары жүргізіліп отырған.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық – педагогикалық қолдап отыруға, білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және бағалауды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар педагогтер мен білім алушының отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау қамтылған.

Білім алушының білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалып, мектеп психологтарымен ,әлеуметтік педагогымен жұмыстар жүргізілген.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен және олардың ата – аналарымен педагогикалық – психологиялық және әлеуметтік сүйемелдеу жұмыстары жүйелі жүргізіліп, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекші тарапынан қолдау жұмыстары ұйымдастырылған. Білім алушылар қоғамдық жұмыстарға, іс – шараларға қатыстырылған. Білім алушылардың білім алуына қолайлы жағдайлар жасалған. Мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету, баланы мектепшілік іс шараларға қатыстыру арқылы белсенділігін, қызығушылығын арттыру жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылған. Мұғалімдердің сабақ жоспарлары баланың психофизикалық мүмкіндіктерін, даму ерекшелігін ескере отырып құрылып, жеңілдетілген тапсырмалар берілген.

2023-2024 оқу жылында негізгі орта білім беру және жалпы білім беретін сыныптарында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен мектеп психологының педагогикалық – психологиялық сүйемелдеу жұмыстары ұйымдастырылған. Психологиялық - педагогикалық қолдау бойынша жеке жұмыс жоспары құрылып, диагностикалық, түзету дамыту жұмыстары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілген. Білім алушылардың танымдық үрдісінің дамуын сүйемелдеу, таным үрдісінің деңгейін бақылап отыру, өзгеріс динамикаларын құру, диагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша қолдау мамандарына ұсыныстар беру, ұсыныстың орындалуы туралы жұмыстар жүйелі ретке қойылған. Диагностикалық жұмыстар жек ұйымдастырылып, есте сақтау процесінің түрлері, ойлау, қабылдау, зейін процесінің қасиеттерінің деңгейі зерттеліп, түзету дамыту жұмыстары жүргізілген. Білім алушылардың ақыл ой дамуының деңгейі, қарым - қатынас аймағы, топтағы орны анықталып, жүргізілген жұмыстар бойынша ұсыныстар берілген. Түзету- дамыту жұмысы бойынша топтық деңгейде білім алушылардың коммуникативтілік белсенділік деңгейін бақылау және дамытуға ықпал ету мақсатында түзету сабақтары ұйымдастырылған. Жүргізілген түзету- дамыту сабақтарының қорытындысы бойынша оқушының танымдық қабілеттерінің көріп қабылдау қабілеті жақсы. Есту қабілеті, есту жағдайы қалыпты, көру қабілеті адам бетіне сабақ кезінде есте сақтау түстерді ажыратуға, пішіндерді ажыратып көрсетуге арналған ойыншықтарға назар аударады. Сөз түсінеді.

Білім алушының танымдық - конгетивті процестерін зерделеу мақсатында танымдық процестерінің дамуын комплексті зерттеу, деңгейлерін анықтау үшін әдістемелер жүргізілген. Жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша білім алушының танымдық – эмоционалдық даму деңгейі қалыпсыз деп бағаланған. Түзету- дамыту және алдын алу жұмыстары бойынша дәріс – тренингтер жоспарлы ұйымдастырылған. Білім алушының коммуникативтілік белсенділігі, қарым – қатынас аймағының дамуы, өзіндік «Мен» позициясының қалыптасуы төмен деңгейде бағаланып, көрсетілген. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша білім алушының психикалық және дене даму ерекшеліктері, мінез құлықтық және эмоционалдық мәселелері жас ерекшелігіне сәйкес қалыпты емес деп бағаланған.

-4, 9-сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

Талдау нәтижелері: Оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау бағытында білім беру деңгейлерін бітіруші 4, 9-сыныптардан тестілеу кесінділері алынды. Компьютерлік тестілеу офлайн түрінде өткізілді. Тестілеу кезіндегі пайыздық қатынас бағалау шәкілімен айқындалды. Материалдарды зерделеу барысында 4-сыныпта 83,3 %, 9-сыныпта 66,6 %, Тестілік бақылауға оқыту нәтижелерін бағалауға жататын барлық тиісті бір білім деңгейі бойынша контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың қатысуы 100 %-, яғни сәйкес келеді. Білім беру ұйымында бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері төмендегідей

№	Сыныбы	Тізім бойынша журналдағы оқушылар саны	Нақты қатысқан оқушылар саны	Бағал ар саны "5"	Бағал ар саны "4"	Бағал ар саны "3"	Бағал ар саны "2"	Орта ша балл	Оң бағалар %
1	4-сынып	6	6	2	1	2	1	20	83,3%
2	9-сынып	3	3	0	0	2	1	27	67%
									78%

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респондентердің сауалнамасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2023 жылдың 16-17 мамыр аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-қосымшасында талап етілгендей бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын-4, 9 кластарға сабақ беретін 12 – педагогі тізім бойынша 100 % қатысып, 97,9 % сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп, 4, 9-сыныптардың білім алушыларынан 100 % қатысып, 84,7 % көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанғандығын және олардың ата-аналарының (заңды өкілдеріне) 9 ата-ана қатысып -95% білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп бағаланды.

4-9 сынып білім алушылар менжүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	келісемін/ иә	келіспеймін/ жоқ	толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	9	0	0	0
2	Менің сүйікті заттарым бар (егер солай болса, қайсысы)	7	2	0	0
3	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	9	0	0	0
4	Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	9	0	0	0
5	Сабақта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	7	2	0	0

6	Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды	8	1	0	0
7	Мен мектепте жиі Шаршаймын	1	1	3	4
8	Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп	1	1	3	4
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	8	1	0	0
10	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	9	0	0	0
11	Мен өз құқығымды білемін	7	2	0	0
12	Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын	7	2	0	0
13	Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	8	1	0	0
14	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады	8	1	0	0
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	9	0	0	0
16	Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді? (Бірнеше жауап нұсқаларын көрсетуге болады, сабақтар қызықсыз, мұғалімдердің әділетсіздігі, балалар арасында қорқыту, көптеген үй тапсырмасы, мектептердің материалдық жағдайы және т. б.)	1	0	0	8
Барлығы:		75,0%	9,7%	4,2%	11,1%

4-9 сынып білім алушыларымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан оқушы саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	9	75,0%	9,7%	4,2%	11,1%
84,7%-5 балл					

4-9 сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін /жоқ	толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	9	0	0	0
2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар	7	2	0	0
3	Мектеп сапалы білім береді	9	0	0	0
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	9	0	0	0

5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды	9	0	0	0
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді	9	0	0	0
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	9	0	0	0
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын	9	0	0	0
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	9	0	0	0
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	9	0	0	0
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	9	0	0	0
12	Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын	9	0	0	0
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	9	0	0	0
14	Менің балам мектепте Қауіпсіз	9	0	0	0
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	9	0	0	0
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын	9	0	0	0
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	9	0	0	0
18	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	1	0	5	3
	Барлығы:	93,8%	1,2%	3,1%	1,9%

4-9 сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-ананың саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
---	--------------------------	-----------------	--------------	-----------------	-------------------

1	9	93,8%	1,2%	3,1%	1,9%
95 %-5 балл					

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтермен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін н	Келісемін /иә	келіспеймін / жоқ	толық келіспеймі н
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	12	0	0	0
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	10	2	0	0
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	10	2	0	0
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	11	1	0	0
5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	10	2	0	0
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	6	5	0	1
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	9	3	0	0
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	9	3	0	0
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	10	2	0	0
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды	8	4	0	0
11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	9	3	0	0
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	10	2	0	0
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	10	2	0	0
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	10	2	0	0
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба?	8	4	0	0
16	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	7	2	1	2
Барлығы:		77,6%	20,3%	0,5%	1,6%

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтерінің сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан педагог саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
---	-----------------------	-----------------	--------------	-----------------	-------------------

1	12	77,6%	20,3%	0,5%	1,6%
97,9 %-5 балл					

10.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1.Іс тәжірибе алмасу, озық тәжіибелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағыты бойынша сынып жетекшілерінің жұмысы өзара тәрбие сағаттарына ену мен сынып жетекшілерінің отырысымен шектелген.

2.Білім алушыларды шығармашылық, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелерін жетілдіру.

3. Мектептің материалдық-техникалық базасының «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы» №70 бұйрықта көрсетілген өлшемшарттардағы талаптардың кейбір кабинеттерде ішінара орындалмауы.

11.Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Пән мұғалімдерінің білім алушыларды түрлі білім саласындағы жарыстар мен конкурстарға қатыстыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы «7» желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген байқау тізімдерін басшылыққа алынған..

2. Пән мұғалімдерінің кейбір пәндерден оқушылар жетістігін зерделей отырып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстарды жүйелі жүргізілген;

3. Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандартын орындауға, оқу үрдісі мен сыныптан тыс іс-шараларды қажетті әдістемелік деңгейде жүргізуге мүмкіндік жасайды. Пән кабинеттері жабдықталып, қажетті құралдармен қамтамасыз етілген.

4.ҚР тәрбиеге қатысты нормативтік талаптары орындалған. Тәрбиенің кешенді бағдарламасы бойынша барлық бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілді.

Мектептің оқу-әдістемелік жұмысының құрылымы жасалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар айқындалған, оқу-әдістемелік жұмыстардың бағыттары бойынша жұмыстар жүйеленген, барлық бағыттарының құжаттары тіркеліп жинақталған. Мектептің әдістемелік қызметінің жүйесі, бағыттары бойынша нормативтік талаптар орындалған.


5. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ПМПК қорытындысы бойынша денсаулық жағдайына байланысты оқытылатын балаларға жеңілдетілген (қысқартылған) оқу бағдарламаларын әзірленіп және жинақталған;

6.«Ақтөбе облысының білім басқармасының «Қарасу негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған.


7. Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар электронды форматтағы «Kyndelik.kz»журналдарға енгізілген.Оқу пәндерінің мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.Электронды журналындағы толтырылған күндер толық сәйкес келеді. Жалпы кластар бойынша оқу жылының ұзақтығына және демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталады.Электронды журналды жүктеу барысында техникалық қателіктер орын алуынан 2021-2022,2022-2023 оқу жылында варадив сабақтары жүктелмей қалған.

Комиссия төрайымы :  Амаңгалиева Лаззат Жумагалиевна

Комиссия мүшелері:  Смайлова Іңкәр Серікқызы

 Дүйсегалиева Азима Толеубаевна

 Калиева Факизат Жанабаевна

 Сундетова Алтынгүл Жолдыгалиевна